



БҮЙРЫҚ

2021 наурыз 3 наураг

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 25
город Нур-Султан

**«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық
орталығының қызметіне сыйайлас жемқорлыққа
қарсы сараптама жасау Ережесін бекіту және
2021 жылғы 10 ақпандағы «Әдеп жөніндегі
үәкіл тағайындау туралы» № 11-ж.қ. бұйрығына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты
хатшының ведомствалық бағынысты ұйымдарындағы әдеп және сыйайлас
жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі үәкілдермен кездесудің
2021 жылғы 1 наурыздағы №09-3/257-ВН хаттamasы негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметіне
сыйайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жасау Ережесі осы бұйрықтың
қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. 2021 жылғы 10 ақпандағы «Әдеп жөніндегі үәкіл тағайындау туралы»
№ 11-ж.қ. бұйрығындағы бүкіл мәтіні бойынша «әдеп» сөзіне «және сыйайлас
жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу» деген сөздермен толықтырылсын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директор



А. Боранбай

2021 жылғы «3» наурағз
№ 25
бұйрығына қосымша

Дарын "Республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидалары»

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидалары сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және болдырмау мақсатында "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметін регламенттейтін актілерге сараптама жүргізу тәртібін (бұдан әрі-сараптама) айқындайды.

2. Сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі функциялар әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкілге жүктеледі.

3. Әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкілді "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының басшысы тағайындейды.

2 тарау. Сараптама жүргізу рәсімі

4. Әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкіл жылына кемінде бір рет "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметін регламенттейтін актілерге сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы тұрғысынан және оларды одан әрі алып тастау мақсатында сараптаманы жүзеге асырады.

5. Сараптама жүргізу кезінде әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкіл қажет болған жағдайда қабылданған немесе қабылданатын актілердің нормаларын нақтылау және түсіндіру мақсатында құрылымдық бөлімшелерге сұрау салулар жібереді.

6. Жаңадан қабылданатын актілер немесе өзгерістер немесе толықтырулар енгізілетін актілер міндетті түрде сараптама рәсіміне жатады.

7. Әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкіл сараптама нәтижелерін "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының басшысына (бұдан әрі-басшы) жібереді.

8. Құрылымдық бөлімшелер сараптама нәтижелерімен танысқан кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде оның қорытындыларымен келіспеген жағдайда әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкілге уәжді теріске шығаруды ұсынуға құқылы.

9.Егер әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкіл құрылымдық бөлімшелердің қорытындыларымен келіспесе, онда мәселені басшының қарауына шығарады.

10.Егер басшының әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкілінің шешіміне ерекше пікір болса, онда ол сараптама нәтижелерін және басқа да материалдарды білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберуге құқылы.

11."Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметін регламенттейтін білім беру саласындағы уәкілетті орган қабылдаған немесе қабылдайтын актілерге қатысты жүзеге асырылатын сараптама құрылымдық бөлімшелерден басқа, білім беру саласындағы уәкілетті органға да жіберіледі.

12. Құрылымдық бөлімшелер сараптама нәтижелерімен келіскең жағдайда сараптамада көрсетілген ескертулерді жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

13.Құрылымдық бөлімшелердің сараптама нәтижелеріне жауаптарының болмауы оның нәтижелерімен келісуді білдіреді.

3 тарау. Қорытынды ережелер

14.Әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкіл сараптамада көрсетілген ескертулерді жою бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

15.Егер қабылданған шаралардан кейін әдеп және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі уәкіл ескертулер жойылмаған жағдайда, білім беру саласындағы уәкілетті органға жүгінуге құқылы.